

«№19 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күні мерекесіне арналған онкүндік жоспарының орындалуы туралы ақпарат

2021-2022 оқу жылы

Тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілген жылдар ішінде елдің бірлігі артқандай. Елімізде ұлтымыздың ұлы тілімен қатар әлемдік тілдердің де құндылығы жоғары. Жыл сайын елімізде өтетін Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күні мерекесі атаулы дәстүрге айналды.

Мақсаты: оқушыларды елін, тілін сүйуге, онда тұратын халықтарға, олардың салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу

6-17.09 аралығында №19 ЖОББМ –де Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай бекітілген жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

6 қыркүйек күні Қазақстан халқының тілдер күні мерекесінің ашылу салтанаты өткізіліп, оқушылар онлайн форматта концерт ұйымдастырып, өз өнерлерін паш етті. 7 В сынып оқушылары ашылу салтанатында домбырамен қазақ күйін орындаса, 9 Б, 8 Г, 6Е және 5 Б сынып оқушылары қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдерінде белгілі ақындардың өлең жолдарын мәнерлеп оқып, тілдерге деген құрметін көрсетті.

Іс-шара жоспар бойынша «Еркін елдің ертеңі-кемел білім мен ана тілдерінде» атты сынып сағаттарымен жалғасты. Тәрбие сағаттарының мақсаты: Мемлекеттің тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйуге, оқушылардың туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасаты азамат етіп тәрбиелеу.



7-қыркүйек бастауыш сыныптар арасында «Тілден қымбат қазына жоқ» атты сурет байқауы болды. Байқауға бастауыш сынып оқушылары белсене қатысып, ана тіліне деген сүйіспеншіліктерін, өзге тілге деген құрметтерін сурет салу арқылы жеткізе білді.



5 және 8 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім» атты ойын алаңы жасалып, ұлттық және спорттық ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар аталмыш іс-шараға белсене қатысып, марапаттарға ие болды.


Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың шығармашылығымен танысу мақсатында мектеп кітапханасында «Тіл- ұлттың жаны» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Мемлекеттік тіл – қазақ тілімізге деген құрмет көрсету, тіл мәдениетін көтеру және қазақ тілін кең қолдану мақсатында мектебімізде 8 Е сынып арасында «Мемлекеттік тіл-менің тілім» атты байқау өткізілді. Қазақ тілін еркін қолданып, жетік меңгергенін дәлелдеген Ли Виктория 1-орын алса, 2 –орынды Гончарева Юлия, ал 3 орынды Огриневич Адам иеленді.



Үш тілді меңгеру- жарқын болашақтың кепілі.14 қыркүйек күні 5-11 сынып оқушылары үш тілдікті қолдау мақсатында «Тіл –достықтың мерейі» атты үш тілде,қазақ тілі,орыс тілі және ағылшын тілдерінде эссе жазды. Бұл іс-шара баға жетпес мұраны дәріптеу және тілдің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында өткізілді. Үздік эсселер қатарынан 5 а сынып оқушысы Газизова Алуаның, 8 А сынып оқушысы Еркебұлан Нұрайымның «Language is my friend» атты жұмысы және 9 А сынып оқушысы Шахманова Назгульдың эссе жұмыстары танылды.



Жоғары сыныптар үшін «Қазақ тілі – бабамның тілі» ақпараттық – танымдық үстел ұйымдастырылды.Дөңгелек үстеліде оқушылар тіліміздің өркендеуі мен өзге тілдердің қарым-қатынас құралы ретінде қолданылуы туралы өз пікірлерін білдіріп, жинаған мағлұматтарын ортаға салды. Оқушылар ана тілімізге деген құрметін көрсете отырып,тіліміздің қолданысын басқа елдерде де өркендеуіне үлестерін қосатындары туралы мәлім етті.

Оқушылардың үш тілді еркін меңгеру және шешендік өнері мен зияткерлік білімдерін ынталандыру,тіл мәртебесін көтеріп,өз ұлтына,өз тіліне деген сүйәчпеншілігін ояту мақсатында онлайн форматта 7-8 сыныптар арасында «Ұшқыр ой мен шешен тіл» атты зияткерлік сайысы өткізілді. Оқушылар сайысқа белсене қатысты.





Тілдер апталығының жабылу салтанаты 1-11 сыныптар арасында онлайн форматта өткізілді. Салтанатқа бастауыш сынып оқушылары ағылшын тілі және қазақ тілдерінде өлең жолдарын айтса, 7-8 сынып оқушылары белгілі ақындардың шығармашылығынан үзінді оқыды. Оқушылар іс-шараға белсене қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.



Қорытындылай келе, тілдер мерекесіне арналған іс-шаралар бекітілген жоспар бойынша өткізіліп, мектеп оқушыларының бойында тілге деген сүйіспеншілікті тағы бір мәрте дарытып, қызығушылықтарын арттыра түсті. Елінің кең байтақ мекені мен ондағы құндылықтарды дәріптеу мен оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын кеңейтіп, өз ұлты мен өзге

Ұлттарға деген сүйіспеншілігін ояту мақсатымен өткізілген атаулы іс-шаралар өз мақсатына жетті.